

Ғалымдардың болжауына қарағанда, құрғаған теңіз табынының көп бөлігі 2000 жылдарға қарай құмды сортаңды шөлге айналды. Ал табиғи өсімдік жамылғысының өсуіне топырақтың күшті тұздануы кері әсер етеді. Қазіргі кезе Арал тағдыры-адам тағдыры деген қанатты сөз кең тарауда. Бұл сөзде үлкен экономикалық, әлеуметтік мән жатыр. Мұның өзі Аралды құтқару үшін зерттеу жұмыстарын өрістету нәтижесінде тығырықтан шығар жолдар іздеу мәселесін алға қойып отыр. Арал теңізін қалпына келтіру мәселесі Қазақстан мен көрші елдердің, сондай-ақ халықаралық қауымдастықтың бірлескен іс-қимылын талап етеді. Су үнемдеу технологияларын қолдану, экологиялық мониторинг жүргізу, орман алқаптарын көбейту және халықты экологиялық сауаттандыру сияқты шаралар арқылы теңіздің жағдайын біршама жақсартуға болады. Арал теңізінің мысалы табиғатқа немқұрайлы қараудың, табиғи ресурстарды орынсыз пайдаланудың қандай салдары болатынын көрсетеді. Сол себепті бұл мәселеден сабақ алып, табиғатқа ұқыпты қарап, келешек ұрпаққа таза және бай табиғи орта қалдыруымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Грабарев П.Г. Антропогендік топырақтың тастап кетуі. - А., 1984.
2. Толстов.С. Ежелгі Оке пен Яксарт атырауы бойынша. - М., 1962.
3. Орталық Азияның ежелгі авторлары. Л.В. Баженовтың редакциясымен. - Ташкент, 1940.
4. Бейсебаев А.С. Қазақстан табиғатын зерттеу. - А., 1979.
5. Берг.Л.С. Арал теңізі. 1908. - Санкт-Петербург.
6. Бутакова.И. Арал теңізінің жағалары. Түркістандық ведомостар. - Ташкент, 1872.

КЕЙКІ БАТЫР — ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒА (1871-1923ЖЖ.)

Өмірзақ А.А.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, тарих магистры Е.Н. Аймахов
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Aibekprofi15@gmail.com
Қарағанды қ.

Қазақтар Ресей империясы және кеңес заманында қатты қысым көрді. Бұл қазақ ұлтының дамуына, шын мәнінде, толыққанды ұлт болып сезінуіне өзінің салқынын тигізді. Қазақтар орыс үстемдігіне, кеңестік жүйеге қарсы шығып отырды. Әрбір он жылдықта қазақтар өз егемендігі жолында ірі көтерілістерді ұйымдастыра білді. Мұндай көтерілістер мысалға: 1821 жылы болған Қоқан хандығына қарсы, 1845 жылы Хиуаға және 1871 жылы Қытайға қарсы бағытталғанымен, оның шығуына орыстың отарлық басқыншылығы басты себеп болды. Өкінішке қарай, ол көтерілістер ылғи да жеңіліспен аяқталды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған қарулы көтеріліс – 1837-1846 жылдар аралығында қазақтардың XIX ғасырдағы орыстарға бағытталған үлкен наразылығы және орыс үстемдігіне қарсы ұлттық соғысы болып табылады.

Сөйтіп қазақы өмір салтымен берекелі өмір сүріп жатқан ел аяқ астынан орыстың бодандығына айналып, тәуелсіздігінен айырылды. Патша шенеуіктері елді құнарлы аймақтардан шөл және шөлейіт жерлерге ығыстыра бастады. Олар осынау кең далада тынысы тарылып, ауа жетпейтіндей күйге көшті. Билік тізгіні негізінен зердесі жоқ қой бағып, торсық емген топыраштардың қолына тиді. Бұл патша саясатының басты бағдары еді. Ресей отаршылары қазақ жеріне орнатқан тәртібі, кәдімгі қатаң отарлық тәртіп болды. Қазақтың құнарлы жерлері тартып алынып түгелдей орыс шаруаларына берілді. Сарыарқаның ең жақын жерлері мен су көздерін басып алған келімсектер көшпелілердің миграциялық айналысына кедергі келтірді. Бұл көшпелілердің өмірі үшін нағыз апат болды. Отарлау саясаты жергілікті халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайын одан сайын күйзеліске әкелді. Негізінен орыстардың отарлау саясаты түбірімен өзіне бағындыру болатын. Және орыс билігі тек отарлау, өзге елдің есебінен жерін ұлғайтуға баса көңіл аударды[1].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының ғасырдан астам уақытқа созылған ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайында кезінде жүргізген тәуелсіздік жолындағы күреске халықты Ә.Жанбосынов, А.Иманов, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, Б.Әшекеев сияқты ел таныған көсемдер мен батырлар бастап шықты. Әсіресе Амангелді Имановтың осы ұлт-азаттық көтерілісте барлық жазылған қазақ романдарында және пьесаларында үлкен мән берген. Бірақ, осындай бет-бұрыс оқиғада Амангелді Иманов жалғыз ғана патша үкіметіне қарсы шыққан емес, оның өзінің сарбаздар және оның орынбасары, яғни оң қолы Кейкі Көкембайұлы батыр болған.

Халқы қалап қас мерген атап кеткен Кейкі Көкембайұлы 1871 жылы бұрынғы Қайдауыл болысы қазіргі Амангелді ауданына қарасты Байтума қопасы деген жерге дөңгелек шаруасы бар аңшы отбасында дүниеге келген. Әкесіне еріп қаршадайынан аң аулап, несібесінің түздеп тапқан. Туа біткен табиғи қасиеті шығар, көздегенін құр жібермейтін, сілтегенін сілейтіп түсіретін қол мерген болыпты. Сонан жұрт оны жастайынан-ақ

Мерген атып кеткен. Бір өңірде туып, бір өзеннің бойында өсіп бала күнінең бітеқайнасып, бірге ойнаған Амангелдімен бастан-ақ жанаяспас дос болған. Екеуінің де ержүрек батыр, ерен мерген деген атағы елге ерте жайылған. Ат жалын тартып мінгесінақ елін жауға алдырмайтын, жерін дауға салдырмайтын шын мәніндегі халық қамқорына айналды[2, б.73]. Кейкінің азан шақырылып қойған шын есімі – Нұрмағамбет. Оның Кейкі атануының сыры – жасынан аң-құс аулап, кісіге онша жоламай, біртүрлі кейкііп жапан далада жалғыз жүргендігінен. Кейкі балуан денелі, түсі суық, ашуланғанда екі көзі от болып жанып кететін, бірбеткей, қайсар, Арқа, Торғай даласын жатқа білген, күн райын алдын ала дәл болжаған адам болған деп сипаттайды көзін көрген қариялар. Сонымен қатар қолына Құран ұстап, намаз оқыған, ғайбат сөз айтпаған, теріс қылық жасамаған, әдептілігімен ауылдастарының ерекше сый-құрметіне бөленген. Ел тарихында Кейкінің құралайды көзге атқан деп сипаттайтын ғажайып қолмергендігі ақиқаттан шығып, аңызға айналып кетті. Оның қамшыгерлікпен де аты шыққан. Қашқанда да, қуғанда да қамшыдан адам құтқармаған. Дала ойындарында не түрлі сайыстарға қатысып, қыр елін қызықтарымен қуантып, таң-тамаша қалдырған өнерпаз. Кейкі батыр көне замандардан мұра болып келе жатқан қазақтың халық термесі мен халық жыр-дастандарын беріле тыңдаған, өзі де домбыра тарту өнерінен құр алақан қалмаған. Ел арасында «Кейкінің салауаты» деген жыр да сақталған[3].

Ең даланы мекен етіп, мал баққан халықтың ұлы болса да Кейкі өз дәуірінің басты тарихи жайттарын көзбен көріп, оны әділ бағалап, турасын айтқан. Батыр қазақтың сол күнгі халінің мүшкілдігіне кінәлі орыстың отарлауы деп түсінген. Сол саясатқа барынша қарсы тұруға ниеттенген. Жерімізді алып, одан кейін еркімізден айырып, қала берді баламызды қолына беруден қорқып, тіліміз бен дінімізден түбегейлі айырылмай тұрғанда, қарсы тұру керек деп шешкен. Кейкі батыр бұл көтерілістің қара жұмыс үшін адам бермеуден ғана туындамағанын, ата-бабадан келе жатқан асыл мұрасы жері мен бостандығынан, еркінен, тілі мен дінінен айыратын саясат екенін терең ұғынған. Қара жұмысқа бару неше мың қазақ азаматын жарымжан етіп, болашағына балта шабатындығын, оған көнген ұлтты басқа ауыр нәубеттің күтіп тұрғанын сезеді. Осылайша, бар қазақтың ашу-ызасынан тұтанған көтеріліске белсене ат салысады[4].

Ресейдің отаршыл патшалық үкіметінің қарсы қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің көпшілікке белгісіз, тарихи ақтандақтардың бірі-патшаның «25 маусым жарлығы» бойынша жасы 19 бен 31 жас аралығындағы «соғыс жүріп жатқан жерлердегі майданның қара жұмыстарына» барған қазақ жігіттерінің тағдыры, олардың елден тыс алыста қандай жұмыстар істегені, майдан шебіндегі қандай жерлерінде болғандығы туралы белгісіз деректер болып табылады. Сондай жағдайды көрген Кейкі Батыр көз жабқан жоқ. Он алтыншы жылы ел тағдыры таразыға тартылып, патша жарлығына қарсы бас көтергенде де екеуі атқа қатар қонып, күрес тізгінін қолға алады.

Ең алдымен орыс отаршылдардың зәресін ұшырып, жергілікті ұлықтарының билігін әлсіретеді, олардың сойылын соғып, қамшы үйірген би-болыстарды ауыздықтап, байшонжарлардың әуселесін басады. Жазалаушы жасақтарға тайсылмай қарсы тұрып, сәтті шабулдар ұйымдастырып, қатты тойтарыс береді. Кейкі батыр ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Торғай қаласына шабуыл, Құмкешу, Күйік, Батпаққара, Доғал соғыстарының бәріне де қатысқан. Академик Манаш Қозыбаев өзінің «Жауға шаптым ту байлап» атты кітабында: «Ақпанның 13-і күні (1917 жылғы) Шолақсай керуен жолын торыған Аманкелді, Өмен, Кейкі бастаған 2000 сарбаз Шошқалы қопада подполковник Кисловтың отрядын оқпен қарсы алды, шабуылға шығып айқас салды. Дер кезінде шегініп, әскердің ертеңгі жолын болжап, түнделетіп төте жолмен Күйік қопасына жеткен сарбаздар Тышқан тамының маңайында қаңтардың 14-і күні Кислов отрядын қайтадан қарсы алды. Еркіндікті аңсаған ерлердің беті қайтпай, қарулы қолға қайтадан шығуы таңғажайып емес пе? Күйік қопадағы бұл айқаста атақты Құлан қыпшақ Кейкі батыр ерен ерлік көрсетті. Жау тобына қырғидай тиіп, жазалаушылардың талайын жайратты», – деп жазады. Сөйтіп, ел еңсесін көтеріп, қырдағы әлеуетті күшке айналады. Ақыры бұл қозғалыс патшаны тақтан тайдырар дабылға ұқсап, Қазан төңкерісіне ұласады.

Орталық Ресейде 1917 ж. ақпанда патша тақтан құлап, уақытша үкімет орнаған тұста Торғай жеріндегі көтерілісшілер әскерлерін таратпай, істің ақырын күтті. Өйткені, қазақ даласындағы билік үшін жүріп жатқан ақ пен қызылдың тартысы, шыны керек қарапайым қазаққа түсініксіз қалыпта өрбіді. Уақытша үкіметтің халық күткен аграрлық мәселені шеше алмауы, езілген халықтарға өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін күн тәртібіне қоюға тырыспауы, жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу сияқты көкейкесті мәселелерді шешпеуі халық наразылығын одан әрі күшейтті. 1917 ж. жазының соңы мен күзінің бас кезінде бүкіл Ресейдің жер-жерінде бұқараның Уақытша үкіметке деген қарсылығы өсе түсті. Бұл Кеңестердегі большевиктердің ықпалының артуына жағдай жасады. Ал Корнилов бүлігінің талқандалуы большевиктер беделін біржола көтерді. Осындай жағдайда большевиктер партиясы 1917 жылғы шілде оқиғасынан кейін алынып тасталған “Барлық билік Кеңестерге берілсін” деген ұранды қайта көтерді. Енді бұл ұран қарулы көтеріліске, Уақытша үкіметті құлатуға, пролетариат диктатурасын орнатуға бағытталды. 1917 ж. 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Келесі күні көтерілісшілер қаланың ең маңызды объектілерін басып алды. 1917 ж. 25 қазанда (7 қарашада) Әскери-революциялық комитет Уақытша үкіметтің билігінің жойылғандығын жариялады. Осылайша Қазан төңкерісі жеңіске жетті[5].

Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісі нәтижесінде өкімет басына келген большевиктер билігі уақыт өткен сайын нығая түсті. Торғай жеріне жаңа биліктің өкілі ретінде облыстық комиссар болып келген Әліби Жангелдиннің үгіт-насихатымен Амангелді Иманов пен Кейкі Көкембаев бастаған 1916 жылғы көтерілістің сарбаздары большевиктер жағына шықты. Ә.Жангелдиннің тапсырмасымен А.Иманов пен Кейкі батыр Торғай уезінде большевиктердің жергілікті билік органын және қызыл армияның отрядтарын құруға кіріседі.

Бірақ, 1919 жылғы сәуір айындағы А.Имановтың және Қыпшақ хандығының көсемі Ә.Жанбосыновтың жұмбақ жағдайдағы өлімдері деректерге қарағанда батыр өміріндегі үлкен бетбұрыстың басы болды. Кейін кеңес өкіметінің Алаш қайраткерлеріне қарсы қудалау науқанын бастап, жүргізгенде Аманкелдінің өліміне кінәлілер ретінде алаштықтар ілікті және сол жұмбақ өлім айып болып тағылды.

Кейкі бастаған қарулы сарбаздар қос ерінің өлімінен кейін сендей соғылыс-қаны-мен, іргелерін ыдыратпады. Билік басындағылардан әзірге еш қайран бол-масын түсінген олар қаруларын тастамады. Бұған 1919 жылы қазан айында Торғайға атбасын бұрған Ә.Жангелдин де (Ә.Жангелдин. Докум. мен мат., А., 1975, 67 б.), Өлкелік әскери комиссариаттың инспекция төрағасы да Торғай уезіндегі халықтың қаруларын әлі де тастамағандығын атап өткен (Арқалық айм. мем. мұр. қ-109, т-1, іс-2, 2 б.). Кейкі бастаған сарбаздардың қайта атқа қонуына қызылдардан жөңкіле қашқан Колчактың қалдық әскерлерінің бейбіт ауылдарды тонауы себеп болса, бір жағынан қызыл әскерлердің де азық-түлік салғыртын жинауды сылтауратып қазақ ауылдарына істеген зорлық-зомбылығы әсер етпей қоймады. Жергілікті атқамінерлердің мұндай бассыздықтары жайындағы деректерді 1920 ж. 10 ақпанда Торғай уездік әскери комис-сариатының қызметкері Валидов баяндамасында молынан келтірген (ҚР ПМ, қ-40, т-1, іс-241, 1 б.). Бұл Кейкі сынды ерлердің жаңа билікке деген көңілдерін суытты. 1919 ж. жазында Торғай жеріндегі жергілікті кеңес өкіметін құлатып, бар билікті қолына алған алашордалықтар большевиктерге қызмет жасаған Амангелдінің жақтастарын қуғындауды бастаған болатын. Осы мақсатта 20 адамнан тұратын әскери далалық сот құрылды және осы құрыққа «Аманкелдінің жақтасы» ретінде Кейкі де ілікті. Алғашқы сәтте жоғарыдағы соттың үкімімен 15 «большевик» санатындағылар атылды (ҚР ПМ, қ-811, т-20, іс-404,3 б.). Далалық соттың шешімін орындау үшін В.Кафка мен С.Қаратілеуов бастаған жазалаушы әскер ел ішіне шығып, «большевиктерге» бүйрегі бұрғандарды қудалауға, қолға түскендерін жазалауға кірісті[6].

Батырдың кеңес билігіне алғашқы қарсылығы ауыл белсенділерінің қызметтерін асыра пайдаланған басбұзарлықтарына бағытталды. Оның үстінен жоғарыға жөнелтілген жалған арыз, ақпарлар оны «жау», «банды» деп қуғындауға негіз болды. Сөйтіп, Атбасар уезі басшы-ларының «бандитизммен күрес» мәселесіндегі бас ауыртар басты тұлғасына айналған Кейкінің көзін жоюға уездік ревкомның бар күші жұмылдырылды. 1921 жылы 28 шілдеде құрамында 438 адамы бар Плескачтын басшылығымен Атбасардан әскер шықты. Екі жақ Ұлытау маңында кездесіп, жеңіліс тапқан Кейкі қолға түспей жасағымен шегініп кетеді. Сол жылдың 20 қазанында Атбасардан И.Исайкин қалың әскермен шығып, көтерілісшілерді қуғанымен жете алмай, суық түсуіне байланысты олар да кері қайтады. Бұл жөнінде И.Исайкин естелігінде тәптіштеп жазған (ҚР ПМ, қ-811, т-1, іс-26, 16-17 б.). Енді батырға жасағымен оңтүстіктегі Қызылорда өңіріне қарай ойысуынан басқа жол қалмады. Қарсақпай зауытының алғашқы директоры, Кейкіге қарсы ұйымдастырылған шаралардың басы-қасында жүрген И.Деев естелігінде: «После разгрома отряда Кейки скрылся и оказался в районе озера Телегуль, около Кызыл-Орды, где опять собрал отряд до 350 человек. Расположившаяся по дороге Карсақпай-Кызыл-Орды Кейки начал грабить всех проезжающих» деп батырдың 1916 жылы Атбасар уезінде құрылған Бағаналы хандығының бас дін басшысы Ахмет ишан Оразиевтің ауылына жақын маңдағы Шұбартөбе деген жерге барып паналағанын жазады (ҚР ПМ, қ-811, т-1-80, іс-15, 108 б.).

Енді қарулы әскермен Кейкі батырды ұстаудың қиындығын жете түсінген Торғай және Атбасар уезінің басшылары бірлесе отырып, оны алдап қолға түсірудің амалына көшеді. Сөйтіп, Ә.Жанкелдиннің атынан қолы қойылып, мөрі басылған жалған хат дайындалды. Аталған хатта батырдың бар «күнәсі» кешірілетіндігі және Торғайдан қызмет берілетіндігі айтылды. Батырға хатты тапсыруға Ахмет ишан таңдалды және Кейкінің сарбаздарымен ишан ауылының маңында қыстап жатқандығы есепке алынды. Жоспарды іске асыру 1922 жылғы наурыздың басы болып белгіленді (ҚР ПМ, қ-811, т-1-80, іс-15, 124 б.). Сөйтіп, Торғайдан Н.Токарев, Қарсақпайдан С.Мағзұтов бастаған қызыл әскер 1922 жылы наурыздың басында ишан ауылына келіп жетті. Әскерлер ауыл маңына жасырынды, ал Н.Токарев және С.Мағзұтовтармен келіссөз жүргізу үшін Ахмет ишан үйіне келген жерінде Кейкі қапыда қолға түсті. Қызыл жендеттер бұларды айуандықпен өлтірді: батырдың екі қолы, басы кесіп алынды, айы-күні жетіп отырған Ақжанның ішін жарып, нәресте етік табанына тапталды және інісі Түскен де азаппен өлтірілді[7].

Мал баққан қыр қазағы болғанымен Кейкі өз заманында болып жатқан тарихи оқиғаларға ойлы көзбен қарап, оған өзіндік әділ бағасын бере білген адам. Ол қазақ елінің басындағы бақытсыздыққа ең басты кінәлі - орыс мемлекеті, оның отарлау саясаты деп ұқты. "Олар әуелі жерімізді алған еді, оған қоса еркімізді алды. Енді бауыр еті-баламызды аламын дейді. Көрерсің, ертең олар тіліміз бен дінімізге де қол салады" деді. Кейкі өзі қатысқан көтерілістің алдыңғы майдан шебіндегі қара жұмысқа адам бермеу үшін ғана болған наразылық емес екенін, оның ата-бабасынан қалған асыл мұрасы-жерінен, бас бостандығынан айрылған, тілі мен дініне қауіп төнген, ұлтының болашағы- балаларының бір бөлігі оқ пен оттың ортасында құрбан болып, бір бөлігі ауыр қара жұмыстан жарымжан болып, халқының, одан әрі өсіп-өнуіне балта шабылғалы тұрғанын жан дүниесімен сезген халықтың алапат ашу-ызасынан тұтанған ұлт-азаттық көтерілісі екендігін терең түсінді.

Қостанай облысының киелі жерлерінің картасына енген ескерткіштердің бірі-Кейкі батырдың кесенесі. Кейкі батыр Амангелді Имановпен бірге тәуелсіздік үшін күресті және Қазақстандағы азаттық қозғалысы тарихындағы аты аңызға айналған тұлғалардың бірі болып саналады. Кейкі батыр қырағы, мерген атқыш болған, кез келген жағдайдан нысанаға тиген. 90-шы жылдары Кейкі батырдың бас сүйегі Петербургтегі Кунсткамераның мұрағатында екені ресми түрде расталды. Содан соң Кейкінің басы Қазақстанға Ресей Ғылым Академиясының Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография мұражайынан берілді. Венгрияның

жаратылыстану ғылымдары мұражайының мамандары бас сүйегіне жалпы антропологиялық талдау жасап, халық қаһарманының бейнесін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. 2017 жылғы 15 қыркүйекте Амангелді ауданында Кейкі батырдың кесенесі салтанатты түрде ашылып, онда қазақтың ұлы жауынгерінің сүйегі жерленген. Кесененің биіктігі -10 метр, күмбездің жоғарғы жағы жарты ай сыммен безендірілген. Ішінде құлпытас, батырдың портреттері мен үш тілдегі мәтіндері бар екі мемориалдық тақта орнатылған. Есіктерге құран аяттары салынған. Салтанатты іс-шаралар Кейкі батырдың екі кесенесі арасында өтті: бұрын ұрпақтар салған жаңа және кішкентай ескі. Бір қызығы, олар бір-бірінен алыс емес. Жақын жерде жарыстар, күрес жарыстары өтті, адамдар ән айтып, би биледі. Бұл шынымен халықтық мерекелер болды. Әрине, адамдар кесенеге кіріп, ұлы батырды еске алу үшін басын иді. Тарих шартты райға шыдамайды. Кейкі-батыр оның халқы тәуелсіз болуын армандады. Ол жеңілгендей көрінді. Бірақ уақыт бәрін өз орнына қойды. Бір ғасырға жуық уақыт өткен соң қазақстандықтар тарихи әділеттілікке және өз батырына құрмет көрсетті[8].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://zhasalash.kz/news/qazaqtardyn-resej-imperiyasy-men-kenes-zamanynda-qysym-korui-18528/>
2. Мұхитдин Салқынбаев // АҚИҚАТ: ұлттық қоғамдық-саяси журнал, 2009ж.
3. <https://e-history.kz/kz/news/show/349>
4. <https://el.kz/keiki-batir-tarihi-tulganin-omirine-sholu-26466/>
5. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8940>
6. <https://qamshy.kz/article/13581-qolmergen-keyki-batyr-turaly-ne-bilemiz>
7. <https://ortalyq.kz/kejki-batyr/>
8. <https://library-rudny.kz/lketanu/kejki-batyrdy-kesenesi/>

ЖОШЫ ХАН:ҰЛЫ ДАЛА ИМПЕРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Сейтхали А.М.

Ғылыми жетекші:PhD Есен С.Ғ
Астана Халықаралық Университеті
@seithalikaiken07@icloud.com
Астана қ

Жошы хан- тарихта ұлы қолбасшы әрі саясаткер ретінде танылған Шыңғыс ханның ұлы.ХІІ ғасырдың басында Шыңғыс хан құрған ұлы империяның кеңейуінде Жошының елеулі рөлі бар екенін айта кеткен жөн.Жошы әкесі бастаған жорықтарға қатысып,Шыңғыс хан ұрпақтарының арасында ең алғаш болып Дешті Қыпшақ даласын билеуге қол жеткізген.Жошы ханның саяси ұстанымдары мен оның көшпелі мәдениеті оны Ұлы Даладағы ең көрнекті тұлғалардың біріне айналдырды.Оның мұрасы мен өмірі Қазақ хандығының қалыптасуына тікелей ықпал етті,ал ол құрған Жошы ұлысы Алтын Орданың іргетасыболып саналады.Бұл мақалада Жошы ханның көк күмбезді кесенесі қарастырылады.

Тамырлы тарихымыздың бедерлі кезеңін қамтитын Ұлық ұлыс Қазақ хандығының бастауы саналады.Оның бай тарихы қазақ даласымен және халқымыздың негізін құраған ру- тайпалармен тығыз байланысты.Алайда көбі,әсіресе шетелдіктер Жошы ханның мазары Орталық Қазақстандағы Ұлытауда жатқанын біле бермейді.Бұл ескерткіш Шыңғыс хан мен оның әулетінен жанр бетінде қалған жалғыз жәдігер.Оған 2017 жылы Ұлытауға жасаған халықаралық экспедициясы барысында көзіміз жетті.Шыңғыс әулеті тұрмақ кешегі Қазақ хандығының негізін қалаған тұғырлы тұлғалардан көзге түсерлік,жадыны жаңғытарлық естелік белгі тым аз.Сарыарқаның сайын даласының төрінде сан ғасырдан бері көненің көзіне,алтын аңыздың сөзіне айналған бұл ескерткіштің қазақ даласының Алтын Орда мирасқоры екенін әйгілеп тұрғаны анық![1,4]

Жошы қайтқаннан кейін Ұлы далада,Ұлытау өңірінде әлем кесенесі бой көтерді.Қаракеңгір өзенінің жағасында орналасқан Жошы хан кесенесі порталды-күмбезді құрылыс түріне жатады.Күмбезі көгілдір түсті глазуурмен жабылған,күйдірілген кірпіштермен жабылған.Ж.Смаиловтың жетекшілігімен Жошы хан мазарына жүргізілген қазба жұмыстары барысында шикі кірпіштен салынған қоныстардың орны анықталған.[1,9-10]

Ұлытау өңіріндегі бұл кесенелер жайлы бірінші деректер ХVІ ғасырдағы Хафиз Таныштың “Шараф-наме-и-шахий” атты еңбегінде кездеседі.Осы еңбекте 1552 жылдың көктемінде Бұхара билеушісі Абдаллахтың Ұлытауға жасаған жорығында осы Жошы хан кесенесі маңындағы сарайға тоқтағаны туралы жазылған.[1,10]

Жошы хан кесенесі туралы академик Қаныш Сәтбаев “Доисторическое памятники в Джекказганском районе” атты зерттеу мақаласында:”Басқағыл тауының оң жағында,Кеңгір өзенінің жағасында күйдірілген кірпіштен соғылған,күмбезді,төртбұрышты көне үш кесене сақталған.Кесенедегі кірпіштің пішіні мен көлемі ‘алтынордалық стильге’ жақын.Халық арасындағы аңызға сүйенсек,бұл кесенелер Алаша хан,Жошы хан және дәулескер күйші Домбауылға тиесілі екен” деп жазады.[1,10]